3. «Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде:

балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастырылу мен өткізілу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. «Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде:

балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын өткізуде жастар ұйымдарының қатысуына жәрдемдессін;

5. «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі балаларға медициналық қызмет көрсету және сауықтырылуын денсаулық сақтау ұйымдарына ұйлестірсін.

6. «Қарағанды облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» (келісім бойынша) мемлекеттік мекемесі балаларды сауықтыру ұйымдары нысандарына және балаларды сауықтыру ұйымдарындағы тамақтанудың ұйымдастырылуына санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды қамтамасыз етсін.

7. «Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша):

1) балаларды сауықтыру ұйымдарының өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдансын;

2) судағы балалардың денсаулығы мен өмірі қауіпсіздігінің алдын алу, балалардың сауықтыру демалысы нысандарының өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастырсын.

8. «Қарағанды облысының ішкі істер департаменті» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша):

1) қоғамдық тәртіпті сақтау және балаларды сауықтыру ұйымдарына балаларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдасын;

2) балалардың жарақат алуының алдын алу және жол қозғалысының қауіпсіздігін насихаттау жөнінде профилактикалық шараларды көздесін;

3) балалар құқық бұзушылықтарының, қылмыстарының профилактикасы, балалардың панасыз және қадағалаусыз қалуының алдын алу жөнінде іс-шаралар өткізсін.

9. «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының филиалы – Қарағанды облыстық телекоммуникациялар дирекциясы (келісім бойынша) қала сыртындағы балалардың сауықтыру лагерлерінде телефон байланысының бар болуын және оның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етсін.

10. «Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы», «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемелері мәдени-бос уақыт іс-шаралар жоспарын әзірлесін.

11. «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі: